

Баланың ойлау қабілетін дамытатын интеллектуалдық ойындар тізімі

1. Қайсысы артық ?

- Мақсаты: Логикалық ойлау мен салыстыру қабілетін дамыту
- Өткізілуі: Балаларға 4 заттың суреті көрсетіледі (мысалы: алма, алмұрт, банан, аяқ киім). Сұрақ: қайсысы артық және неге?
- Жасы: 4+

2. “Сөз тап”

- Мақсаты: Сөздік қорды және есте сақтау қабілетін дамыту
- Өткізілуі: Тәрбиеші бір тақырып айтады (мысалы, “жабайы аңдар”), бала сол тақырыпқа қатысты мүмкіндігінше көп сөз айтуы керек.
- Жасы: 5+

3. “Не өзгерді?”

- Мақсаты: Зейін мен байқағыштықты дамыту
- Өткізілуі: Үстелге 5 зат қойылады. Бала 10 секунд қарап, содан кейін көзін жұмады. Бір затты алып тастайды – бала не өзгергенін табады.
- Жасы: 4+

4 “Сандар мен фигуралар”

- Мақсаты: Геометриялық және сандық ойлау
- Өткізілуі: Балаларға түрлі пішіндер (шеңбер, үшбұрыш, шаршы) немесе сандар беріліп, олардан қандай да бір бейне құрастыру тапсырылады.
- Жасы: 5+

5. “Кім жылдам?”

- Мақсаты: Логика, реакция жылдамдығы, есте сақтау
- Өткізілуі: Жаңылтпашты кім жылдам әрі дұрыс айтады; белгілі бір түсті немесе затты көрсеткенде тез атау керек
- Жасы: 4+

